

ҚРҰБ Төрағасының «Әлеуметтік-экономикалық даму және
2020 жылғы қаңтар-қарашадағы республикалық бюджетті
орындау қорытындылары туралы»

ҚР Үкіметі отырысындағы баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2020 жылғы 10 желтоқсан

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Қарашада **АҚШ-тағы сайлау** қорытындысы мен **коронавирускқа қарсы вакцинаның** сәтті сынақтары туралы хабарламалар әлемдік қаржы және тауар нарықтарына елеулі әсер етті.

СЫРТҚЫ НАРЫҚТАРДАҒЫ АХУАЛ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

Covid-19-бен күресудің тиімді құралдарының пайда болуы туралы жаңалықтар инвесторларға экономикалық белсенділікті тез қалпына келтіруге үміт берді. Бұл **қор нарықтарының, энергия тасымалдағыштар және өнеркәсіптік металл нарықтарының** өсуіне негізгі фактор болды.

Қарашада негізгі нарықтық индикаторлардың көпшілігі рекордтық белгілерге жетті. **S&P 500** наурыздағы құлдыраудан кейінгі ең төменгі көрсеткіштен қалпына келіп, ең жоғары көрсеткішті көрсетті (**3675,4**, қарашада **10,6%-ке** өсті). **Dow Jones** өнеркәсіп индексі де **30 000** тармақ белгісінен асты (бір айдағы өсу – рекордтық **12,51%**).

АҚШ-тың президенттік сайлауынан кейінгі сенімділік пен вакцина туралы жаңалық **АҚШ долларының индексіне** (ағымдағы жылғы қарашада АҚШ долларының индексі **91,87** тармаққа дейін **2,3%-ке** төмендеді) және **алтынның құнына** (бір айда унциясы үшін **1775,7** АҚШ долларына дейін **5,4%-ке** төмендеді) төмендету әсерін тигізді.

Global Composite PMI индексі ағымдағы жылғы қарашада ағымдағы жылғы қазандағы **53,3** тармақтан **53,1** тармаққа дейін аздап төмендеді. Шектеу шаралары аясында Еуроодақ өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі қарашада **54,8**-ден **53,8**-ге дейін төмендеді, көрсетілетін қызметтер секторындағы ұқсас индикатор

41,7-ден **46,9**-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, **Қытай** өнеркәсібіндегі іскерлік белсенділік индексі бір айда **53,6**-дан **54,9**-ға дейін (рекордтық көрсеткіш), коронавируспен сырқаттанудың өсуіне қарамастан карантин шаралары қабылданбаған **АҚШ-та** – **53,4**-тен **56,7**-ге дейін ұлғайды.

Қазақстанда ағымдағы жылғы қарашада **іскерлік белсенділік индексі** **48,8**-ден **49,4**-ке дейін өсті, бұл құрылыстың оң көрсеткішке жетуімен түсіндіріледі, ондағы көрсеткіш **52,5** тармаққа дейін **4,9** тармаққа өсті. Өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында жағдай өзгерген жоқ, индекстер

тиісінше **49,6** және **48,7** болды.

ИНФЛЯЦИЯ

Ағымдағы жылғы қарашада **жылдық инфляция** бір ай бұрынғы **7,1%**-пен салыстырғанда **7,3%**-ке дейін жылдамдады.

Азық-түлік инфляциясы бағаның жалпы өсуіне ең көп үлес қосуда. **Азық-түлік тауарлары** бағасының жылдық өсуі нарықтарда жекелеген тамақ өнімдерінің (өсімдік майы, қант) теңгерімсіздігі күшейгеннен **10,7%-тен 10,8%-ке** дейін ұлғайды.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция киім бағасы өсуінің **4,7%-ке** дейін (2020 жылғы қазанда – **4,3%-ке**) жеделдеуінен **5,6%-тен 5,7%-ке** дейін үдеді.

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық реттелетін қызметі және мәдениет пен демалыс саласындағы қызмет бағасының өсуінен **ақылы қызмет инфляциясы 3,7%-тен 4,1%-ке** дейін үдеді.

АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ

Экспорттаушылардың салық төлемдерін жүзеге асыру үшін шетел валютасын сатуы есебінен өскен ішкі ұсыныспен қатар қолайлы ішкі конъюнктура ағымдағы жылғы қарашада айырбастау бағамының бір АҚШ доллары үшін **432,66** теңгеден **425,07** теңгеге дейін **1,8%-ке** нығаюына ықпал етті

Бірден бірнеше вакцинаны сәтті сынақтан өткізу туралы хабар және АҚШ-та президенттік билікті формалды өткізуді бастау **тәуекелді активтерге** сұранысты ұлғайтты.

Мұнай бағасы қарашада бір бареллі үшін **37,5** доллардан **47,6** долларға дейін **27%-ке** өсті. ОПЕК+ өндіруді **мейлінше қалыпты қарқынмен** ұлғайту (ағымдағы жылғы желтоқсанның басынан бері **brent** ағымдағы жылғы 9 желтоқсанға **2,7%-ке** бір баррелі үшін **48,86** АҚШ долларына дейін өсті) шешімінен кейін желтоқсанда мұнайға баға белгілеу сенімді өсіп келеді.

Анықтама үшін. ОПЕК+ мұнай өндіруді **2021 жылғы қаңтардан бастап**

2 млн б/т емес, 0,5 млн б/т ғана ұлғайтты. Кейіннен ай сайын ОПЕК+ кездесуін өткізу жоспарланып отыр, бұл баға қозғалысын едәуір құбылмалы етеді.

АҚШ доллары индексінің төмендеуі дамушы елдер валюталарының динамикасына оң әсер етті. Мәселен, Бразилия реалы бір айда – **6,6%-ке**, түрік лирасы – **6,2%-ке**, Оңтүстік Африка ранды мен Мексика песосы – **4,7%-ке**, Ресей рублі **3,7%-ке** нығайды.

Кепілді трансферт шеңберінде **Ұлттық қордың активтерін конвертациялау** және квазимемлекеттік сектор компанияларының экспорттық валюталық түсімінің бір бөлігін міндетті сатуы ағымдағы жылғы қарашада валюта нарығының теңгерімді болуының қосымша факторы

болды.

Анықтама үшін. Ағымдағы жылдың басынан бастап қарашаның соңына дейінгі аралықта республикалық бюджетке кепілді трансфертті бөлу мақсатында Ұлттық қордың активтерін конвертациялау көлемі шамамен

8,6 млрд АҚШ долларын, оның ішінде қарашада – 541 млн АҚШ долларын құрады. Жыл басынан бері кепілді трансферт шеңберінде қаражат алу көлемі

4,6 трлн теңге, оның ішінде ағымдағы жылғы қарашада 230 млрд теңге болды.

Ағымдағы жылғы қарашада **КМС (квазимемлекеттік сектор)** субъектілерінің сату көлемі **244 млн АҚШ долларын, ағымдағы жылғы наурызда шараларды енгізуді бастағаннан бері 1,8 млрд АҚШ долларын құрады.**

Айдың басынан бері айырбастау бағамы тағы да **1,2%-ке** нығайып, ағымдағы жылғы 9 желтоқсанда биржадағы сауда-саттықтың қорытындысы бойынша бір АҚШ доллары үшін **419,92** теңге болды.

АЛТЫНВАЛЮТА АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОР

Ұлттық Банктің **алтынвалюта резервтері**, алдын ала деректер бойынша, ағымдағы жылғы қарашада көбінесе алтын бағасының (бір унциясы үшін **1876** доллардан **1772** долларға дейін) төмендеуі есебінен **32,5 млрд АҚШ долларына** дейін **1,1 млрд АҚШ долларына** төмендеді.

Желтоқсанда алтынның бағасы АҚШ Сенатындағы **916 млрд. АҚШ долларын** құрайтын ынталандыру шараларының жаңа топтамасын келісудегі ілгерілеу және коронавирустың бүкіл әлемде одан әрі таралуы аясында троя унциясы үшін **1771,95 АҚШ долларынан 1859,80 АҚШ долларына** дейін өсті.

Бағаның өсуі алтын портфелінің қарашадағы құлдырауын ішінара қалпына келтірді, 10 желтоқсанда портфель **23,05 млрд. АҚШ долларына** жетті және бұл айдың басынан бастап **4,74%-ке** өсті.

Коронавирусқа қарсы әзірленетін вакциналардың тиімділігі туралы хабарламалардың және әлемдік жетекші компаниялардың оң тоқсандық есептілігінің салдарынан акциялар нарығының біршама өсуі аясында **Ұлттық қордың активтері** бір айда **1,7 млрд АҚШ долларына (3,0%)** ұлғайып, **58,0 млрд АҚШ долларын** құрады. Ұлттық қордың **инвестициялық кірісі** ағымдағы жылдың басынан бастап **3 млрд АҚШ долларын** немесе **5,6%-ті** құрады.

Ұлттық қордың активтерін қоса алғанда, **халықаралық резервтер** жиынтығы алдын ала деректер бойынша ағымдағы жылғы қарашаның соңында бір айда **0,6 млрд АҚШ долларына** ұлғайып, **90,5 млрд АҚШ долларын** құрады.

ДЕПОЗИТТЕР

Банк жүйесіндегі депозиттер ағымдағы жылғы қазанның соңында негізінен теңгемен салымдардың өсуі есебінен жыл басынан бері **15,3%-ке** ұлғайып, **21,9 трлн** теңге болды.

Ұлттық валютамен салымдар **13,0 трлн** теңгеге дейін **20,0%-ке**, валютамен салымдар – ағымдағы жылғы қазанның соңында **9,0 трлн** теңгені құрап, **9,2%-ке** өсті.

Нәтижесінде депозиттердің **долларлану деңгейі** ағымдағы жылғы қазанда **40,8%-ке** (2019 жылғы желтоқсанда **43,1%**) дейін төмендеді.

КРЕДИТТЕР

Экономикаға кредиттер жыл басынан бері **ұзақ мерзімді кредиттердің 12,4 трлн** теңгеге дейін **5,2%-ке** немесе **613,4 млрд** теңгеге өсуі нәтижесінде ағымдағы жылғы қазанның соңында **14,4 трлн** теңгеге дейін **4,2%-ке** (немесе **576,5 млрд** теңгеге) ұлғайды. **Қысқа мерзімді кредиттер 2,0 трлн** теңгеге дейін **1,8%-ке** немесе **37 млрд** теңгеге азайды.

Бизнестің кредиттік портфелі жыл басынан бері **7,3 трлн** теңгеге дейін **1,1%-ке** ұлғайды. Заңды тұлғалардың **теңгемен кредиттері бойынша ставка** ағымдағы жылғы қазанда **11,8%** (2019 жылғы қазанда **12%**), оның ішінде қысқа мерзімді кредиттер бойынша – **11,6%** (**11,8%**), ұзақ мерзімді кредиттер бойынша – **12,3%** (**12,9%**) болды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоса алғанда **халықтың кредиттері 7,2 трлн** теңгеге дейін **7,5%-ке** ұлғайды. Олардың құрылымында **тұтынушылық қарыздар 4,3 трлн** теңгеге дейін **1,4%-ке**, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен ипотекалық қарыздар – **2,2 трлн** теңгеге дейін **22,6%-ке** өсті.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСТАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Экономиканы қолдау үшін Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру жалғасуда.

1. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша ағымдағы жылғы 4 желтоқсандағы жағдай бойынша кәсіпкерлерден **909,0 млрд** теңге сомасына **1 328** өтінім келіп түсті, оның ішінде банктер жалпы сомасы **645,5 млрд** теңгеге **873** өтінімді мақұлдады, **472,6 млрд** теңге сомасына

737 қарыз берілді (берілген қарыздардың өсуі қазанмен салыстырғанда **44,7 млрд** теңге, 2020 жылғы 6 қарашада – **427,9 млрд** теңге).

2. Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы бойынша ағымдағы жылғы 4 желтоқсанға кәсіпкерлерге **469,5 млрд** теңгеге **4 736** қарыз берілді, оның ішінде **116 млрд** теңгеге **1 707** қарыз бұрын берілген қарыздарды өтеуден түскен ақша есебінен берілді (берілген қарыздардың өсуі қазанмен салыстырғанда **3,2 млрд** теңге, 2020 жылғы 1 қарашада – **466,3 млрд**

теңге).

«7-20-25» және «Баспана Хит» БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Ұлттық Банктің қаржыландыруы есебінен тұрғын үй құрылысын қолдау жалғасуда.

1. «7-20-25» бағдарламасы бойынша ағымдағы жылғы 3 желтоқсанға 309,3 млрд теңгеге 26 359 өтінім мақұлданды, оның ішінде 244,9 млрд теңге сомасына 20 975 қарыз берілді (берілген қарыздардың өсуі қазанмен салыстырғанда 17,5 млрд теңге, 2020 жылғы 1 қарашада – 227,4 млрд теңге).

2. «Баспана Хит» нарықтық ипотекалық бағдарламасы бойынша ағымдағы жылғы 3 желтоқсанға 431,0 млрд теңге сомасына 48 445 өтінім мақұлданды, 344,5 млрд теңгеге 39 629 қарыз берілді (берілген қарыздардың өсуі қазанмен салыстырғанда 33,2 млрд теңге, 2020 жылғы 1 қазанда – 311,3 млрд теңге).

ҰЛТТЫҚ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІН ДАМУТUDЫҢ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ағымдағы жылғы 30 қарашада Ұлттық Банк Басқармасы **Қазақстан Республикасында Ұлттық төлем жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын** қабылдады.

Бірінші кезеңде 2021 жылы мезеттік төлемдер жүйесін әзірлеу және банкаралық төлем карточкалары жүйесін құру жүргізілетін болады.

2022-2023 жылдары жаңа сервистерді қосуға баса назар аударылатын болады. **ISO 20022** қаржылық хабарламалардың халықаралық стандарты форматына көшуге, қашықтан сәйкестендіру сервисін дамытуға, **Open API** және **Open Banking** бойынша талаптарды тұжырымдауға, **қаржы нарығындағы инновацияларды** қолдау үшін реттеуші базаны жетілдіруге, Еуразиялық экономикалық одақта **үйлестіру және цифрлық валюта** мәселелеріне ерекше назар аударылатын болады.

2024-2025 жылдары ұлттық төлем инфрақұрылымын және жаңа сервистерді дамыту бойынша жұмыс жалғасатын болады.

Бағдарламаға енгізілген шараларды сәтті іске асыру қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша **шығындарды 2 есе азайтуға**, ел ішіндегі төлемдерді **2 күннен 1 минутқа дейін** жеделдетуге әкеледі. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді пайдалану ауқымы кеңейеді. Сонымен қатар ұлттық төлем жүйесі шетелдік операторларға тәуелділікті жояды.

Назарларыңызға рақмет!